

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 77 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13199 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-1-бабының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті (А.Ү. Әбдіғалиев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қағидағаларға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полиция генерал-лейтенанты М.Ғ. Демеуовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр
полиция генерал-полковнигі*

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 26 қаңтардағы
№ 77 бұйрығына
1-қосымша

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы", "Құқық қорғау қызметі туралы", "Білім туралы", "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" және "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" (бұдан әрі – "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заң) заңдарына сәйкес әзірленді және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ПМ) әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.09.2023 № 709 (01.01.2024 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

2-тарау. ПМ әскери оқу орындарына қабылдау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. ПМ әскери оқу орындарына оқуға кандидаттарды іріктеу тәртібі

2. Әскери оқу орындарына "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңның 38, 39-бабының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы оқуға қабылдау жылына дейінгі жылдың 1 желтоқсанына дейін Ұлттық ұланның әскери бөлімдеріне (бұдан әрі – әскери бөлімдер) кандидаттарды ІМ әскери оқу орындарына оқуға жолдау жоспарын жасайды.

4. Қазақстан Республикасы ІМ бөліністері, әскери бөлімдері қабылдау жоспарының негізінде кәсіби бейімдеу жұмысын жүргізеді және оған:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидалары және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21580 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 717 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ережеге (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімдемесінде 2020 жылғы 21 қазандағы № 21469 болып тіркелген) (бұдан әрі – ӘДС қағидалары) сәйкес алдын ала медициналық тексеру;

2) оқуға түсетін кандидаттарды іріктеу және тұрғылықты жері бойынша тексеру, сондай-ақ міндетті арнайы тексеру кіреді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Кәсіби бейімдеу жұмысының қорытындылары бойынша оқуға түсетін кандидаттардың оқу істері қалыптастырылады.

Полиция департаментінің, әскери бөлімнің кадр қызметі кандидаттардың қалыптастырылған оқу істерін ІМ әскери оқу орындарына оқуға түсетін жылдың 20 шілдесіне дейін жібереді.

Тікелей әскери оқу орнына өтініш жасаған кандидаттың оқуға түсуге арналған оқу ісін (оның ішінде электрондық форматта) әскери оқу орнының кадр қызметі оқуға түсетін жылдың 20 шілдесіне дейін қалыптастырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. ІМ әскери оқу орындарына қабылдау үшін құжаттарды ұсыну тәртібі

6. Әскери қызметшілер қатарынан кандидаттар оқуға түсетін жылдың 1 маусымына дейін әскери атағын, тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), туған күнін, атқаратын лауазымын, білім деңгейін, әскери оқу орнының және мамандықтың атауын көрсете отырып, әскери бөлім командирінің (бастықтың) атына баянатпен өтініш жасайды.

Әскери бөлімнің командирі (бастық) кандидаттың баянаты негізінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес кандидаттардың әскери оқу орындарына түсу үшін ұсынатын құжаттардың тізбесінде көрсетілген құжаттарды жинауын және кешенді тестілеуді тапсыруын қамтамасыз етеді.

6-1. Әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген және мерзімді әскери қызмет аяқталған сәттен бастап бір жылдан кешіктірмей ПМ-нің әскери оқу орындарына түсуге ниет білдірген және оқуға түсетін жылы жиырма төрт жасқа толмаған ("Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңның 39-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес) азаматтар қабылдау жылының 1 маусымына дейінгі мерзімде ішкі істер органдарының (бұдан әрі – ПО) аумақтық бөлінісі, ПМ-нің әскери оқу орны басшысының немесе тұрғылықты жері бойынша әскери бөлім командирінің атына өтінішпен жүгінеді.

ПО аумақтық бөлінісінің, ПМ әскери оқу орнының басшысы немесе әскери бөлімнің командирі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына міндетті арнайы тексеру жүргізу, сондай-ақ ӘДС қағидаларына сәйкес кандидаттың алдын ала медициналық куәландырудан өтуі бойынша материалдар ұсыну жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

Міндетті арнайы тексеруден өткен, денсаулық жағдайы бойынша оқуға жарамды азаматтар қабылдау жылының 20 шілдесіне дейін осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген құжаттарды тапсыру және түпкілікті медициналық куәландырудан өту үшін ПМ-нің әскери оқу орнына келеді.

ПМ-нің әскери оқу орнына қабылдау жыл сайынғы қабылдау жоспарының 20%-нан аспайтын мөлшерде Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінде мерзімді әскери қызмет өткеру кезінде жүргізілген конкурстық іріктеудің нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 28.09.2023 № 709 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

7. ПМ әскери оқу орындарына түсуге ниет білдірген әскери қызметте немесе құқық қорғау органдарында қызметте тұрмайтын адамдар еркін нысанда ПО аумақтық бөліністерінің, тұрғылықты жері бойынша әскери бөлімдердің немесе ПМ әскери оқу орындарының кадр қызметтеріне өтініш береді.

ІІМ әскери оқу орнының ресми интернет-ресурсы арқылы электронды форматта өтініш беруге рұқсат етіледі.

Өтінішке осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ІІМ әскери оқу орындарына оқуға түсу үшін кандидаттар ұсынатын құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттар (қағаз немесе электронды форматта) қоса беріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-1. Мерзімді әскери қызмет өткерген және мерзімді әскери қызмет аяқталған сәттен бастап бір жылдан кешіктірмей ІІМ-нің әскери оқу орнына түсуге ниет білдірген адамдарды қоспағанда, әскери қызметшілер мен әскери қызметте тұрмаған азаматтар қатарынан кандидаттар "Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес әскери қызмет өткеру орны (тұрғылықты жері) бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуді (бұдан әрі - ҰБТ) өткізу пункттерінде немесе базалық жоғары оқу орындарында екі блок бойынша ҰБТ тапсырады:

1 блок – Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығы (оқу тілі); 2 блок – екі бейіндік пән, кандидат оларды осы Қағидаларға 1-1- қосымшаға сәйкес ІІМ әскери, арнаулы оқу орындары білім беру бағдарламаларының тізбесіне (бұдан әрі - Білім беру бағдарламаларының тізбесі) сәйкес мамандығына қарай өзі тандайды.

Ескерту. 2-параграф 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3-параграф. ІІМ әскери оқу орындарына қабылдау тәртібі

8. Әскери оқу орындарына оқуға кандидаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ұлттық ұлан бас қолбасшысының бұйрығымен бекітілген жинақтау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады және конкурстық негізде 4 кезеңде жүргізіледі:

1-кезең – ӘДС қағидаларына сәйкес оқуға кандидаттарды түпкілікті медициналық куәландыру;

2-кезең – кәсіби және психологиялық іріктеу;

3-кезең – кандидаттарды дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу;

4-кезең – конкурстық іріктеу және әскери оқу орнына қабылдау.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.04.2022 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Кандидаттарды конкурстық іріктеуден өткізу үшін жыл сайын 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары - Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрығымен: қабылдау комиссиясының, кандидаттарды түпкілікті медициналық куәландыру комиссиясының, кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын тексеру және кәсіби-психологиялық іріктеу жөніндегі комиссияның, апелляциялық комиссияның, техникалық топтың құрамдары бекітіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 03.03.2023 № 201 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қабылдау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Комиссияны төраға басқарады.

Қабылдау комиссиясының құрамына: тәрбие және кадр құрылымдарының, заң және медицина қызметтерінің өкілдері, әскери психолог кіреді.

Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау комиссиясы мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы болып әскери оқу орнының бастығы немесе әскери оқу орындарына жетекшілік ететін Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығы құрылымдық бөлінісінің өкілі тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының хатшысына қабылдау комиссиясына жүктелген функцияларды іске асыру бойынша құжаттарды, қабылдау комиссиясының отырыстарына материалдарды, оның жұмысы туралы есебінің жобасын әзірлеу жүктеледі.

Қабылдау комиссиясы:

- 1) кандидаттардың оқу істерін қарауды жүзеге асырады;
- 2) түпкілікті медициналық куәландыруды жүргізеді, дене шынықтыруының көрсеткіштері бойынша іріктейді;
- 3) конкурстық тізімдерді және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау комиссиясының кандидаттарды курсанттар қатарына қабылдау туралы хаттамасын дайындайды;
- 4) кандидаттармен әңгімелесу жүргізеді;
- 5) конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша кандидаттарды курсанттар қатарына қабылдау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды;
- 6) кандидаттарды қабылдау қорытындыларына талдау және осы жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша шаралар әзірлеуді жүргізеді;
- 7) оқуға қабылдау мәселелері бойынша арыздар мен шағымдарды қарайды.

Қабылдау комиссиясы жауапты хатшысының дауыс беруге құқығы жоқ.

Қабылдау комиссиясының отырыстары қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі, хаттамамен ресімделеді.

11. Кандидаттарды кәсіби-психологиялық іріктеуді әскери оқу орнының мамандары ұйымдастырады.

Тексеру нәтижелері бойынша "Оқуға ұсынылады" немесе "Оқуға ұсынылмайды" деген шешім шығарылады.

12. 1 және 2-кезеңнен өтпеген кандидаттар 3-кезеңге жіберілмейді.

13. Кандидаттарды дене шынықтыруының көрсеткіштері бойынша тексеруді әскери оқу орнының дене шынықтыру дайындығы және спорт кафедрасы ұйымдастырады және өткізеді.

14. Кандидаттарды дене шынықтыруының көрсеткіштері бойынша іріктеу осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ІІМ әскери оқу орындарына кандидаттарға арналған дене шынықтыру даярлығы және балдарды есептеуді бағалау бойынша нормативтерге (бұдан әрі – дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер) сәйкес өткізіледі және спорттық жаттығуларды орындау нәтижелері бағаланады:

15. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер кандидаттардың мынадай жаттығу түрлерін орындауын көздейді:

100 метрге жүгіру;

3000 метрге жүгіру (кросс);

белтемірге тартылу.

16. Спорттық жаттығуларды орындау шарттары:

100 және 3000 метрге жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе кез-келген тегіс жерде жүргізіледі;

белтемірге тартылу жоғарыдан ұстап асылып тұрып, қолдарын түзу қойып қозғалыссыз (иек белтемір деңгейінен жоғары) қалыпта тартылып (кідіріс 1-2 сек.), аяқтар қосылған күйі жұлқусыз және сермеусіз орындалады.

17. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтердің мазмұны мен спорттық жаттығуларды орындау шарттары кандидаттардың назарына дене шынықтыру даярлығы бойынша іріктеу басталғанға дейін 24 сағаттан кешіктірілмей жеткізіледі.

18. Дене шынықтыру нормативтерін тапсыру алдында кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын тексеру бойынша комиссия мүшелері кандидаттарды қауіпсіздік техникасымен қол қойғыза отырып, таныстырады.

19. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерге енгізілген жаттығулардың барлық түрлерін кандидаттар мынадай реттілікпен екі күнтізбелік күн ішінде орындайды: 100 метрге жүгіру, белтемірге тартылу, 3000 метрге жүгіру.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Әрбір спорттық жаттығуды тапсыру нәтижелерін кандидаттардың дене шынықтыру даярлығын тексеру жөніндегі комиссия мүшелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес спорттық жаттығулардың жекелеген түрлерін тапсыру жөніндегі жеке ведомоске тіркейді және кандидатқа қол қойғыза отырып жеткізеді. Жаттығуларды орындау нәтижелерін тіркеген соң, қайта тапсыруға жол берілмейді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Спорттық нормативтерді орындау нәтижелері, сондай-ақ дене шынықтыру даярлығы бойынша орташа балл бір сағат ішінде кандидаттардың назарына жеткізіледі және ақпараттық стендке ілінеді.

22. Егер кандидат 3 жаттығудың қосындысы бойынша кемінде орташа 20 балл жинаса, бұл ретте кемінде 20 балл нәтижесі бар бір жаттығуды орындауға рұқсат беріледі, әскери оқу орындарына кандидаттарға арналған дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсырылған болып есептеледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Спорттық жаттығулардың жекелеген түрлерін тапсыру жөніндегі ведомостердегі деректердің негізінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиынтық ведомость толтырылады, ол ІМ әскери оқу орнының қабылдау комиссиясына ұсынылады.

Жиынтық ведомосте кандидаттың дене шынықтыру даярлығы бойынша сынақты тапсырғаны-тапсырмағаны туралы қорытынды жазылады және бір сағат ішінде аталған мәліметтер кандидаттың назарына жеткізіледі және ақпараттық стендке ілінеді.

24. Дене шынықтыру даярлығы бойынша сынақ нәтижелерімен келіспеген кандидат апелляцияға өтініш береді.

Дене шынықтыру даярлығы бойынша сынақ нәтижелерімен байланысты мәселелерді қарауға арналған апелляциялық комиссияның құрамы ІМ әскери оқу орны бастығының бұйрығымен бекітіледі.

25. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссияға кандидаттың өзі нәтижелер жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін ұсынады және апелляциялық комиссия оны бір тәулік ішінде қарайды. Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаты болуы қажет.

26. Кандидаттың өтінішін қарау нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз деген баға алған жағдайда бір дене шынықтыру жаттығуын қайта тапсыруға рұқсат етіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия құрамының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссияның жұмысы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған төраға және комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды. Апелляциялық комиссия шешімінің нәтижелері бойынша кандидатқа апелляциялық комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме беріледі.

4-параграф. ПМ әскери оқу орындарының курсанттары қатарына қабылдау тәртібі

28. Қабылдау комиссиясы конкурстық іріктеудің қорытындылары бойынша кандидаттың рейтингі негізінде оқуға қабылдау немесе одан бас тарту туралы шешім шығарады және сол күні кандидаттарға жарияланады. Кандидаттың рейтингі ҰБТ балдарын және дене шынықтыру даярлығы бойынша орташа балдарын қосу арқылы айқындалады. ПМ әскери оқу орындарына ҰБТ қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларымен (бұдан әрі – Білім беру грантын беру қағидалары) белгіленген шекті деңгейдегі балдан жоғары балл жинаған кандидаттар қабылданады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Әскери оқу орындарына қабылдауға конкурс өткізу кезінде тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеудің барлық кезеңдерінен сәтті өткен жағдайда:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың;

кемінде екі жыл кезең ішінде жас сарбаз, жас айбын ретінде әскерге дейінгі даярлықтан өткен азаматтар;

теріс себептер бойынша қызметтен босатылған әскери қызметшілерді қоспағанда, қызмет өтілі кемінде он бес жыл әскери қызметшілердің, сондай-ақ, жиырма және одан да көп жыл қызмет өтілімен әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілердің балаларының;

әскери қызмет өткеру кезінде қаза болған, хабарсыз кеткен немесе әскери қызмет өткеру кезеңінде мүгедектік алған әскери қызметшілердің балаларының;

"Алтын белгі" белгісімен марапатталған адамдардың;

тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, соңғы үш жылда жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылардың республикалық және

халықаралық конкурстарының және спорттық жарыстардың бірінші - үшінші дәрежелі дипломдармен наградталған жеңімпаздарының, өздері таңдаған мамандық олимпиаданың немесе конкурстың пәніне сәйкес келген жағдайда, ағымдағы жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының бірінші - үшінші дәрежелі дипломдарымен наградталған жеңімпаздарының басым құқығы бар.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 13.10.2025 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімінің негізінде әскери оқу орнының бастығы әскери оқу орны курсанттарының тізіміне қабылдау туралы бұйрық шығарады.

31. Әскери оқу орнына оқуға қабылданған кандидат Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережелерінің 12-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әскери оқу орнының бастығымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Оқуға қабылданған күні 18 жасқа толмаған әскери оқу орнына оқуға қабылданған оқуға түсуші заңды өкілдерінің келісімімен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасайды.

33. Шетел мемлекетінің әскери оқу орнына оқуға жіберу немесе әскери оқу орны курсанттарының тізіміне қабылдау туралы бұйрықтан үзінді көшірме шетел мемлекетінің әскери оқу орнына түскен адамдарға шетел мемлекеті әскери оқу орны бастығының қарамағына жіберу үшін негіздеме болып табылады.

34. Оқуға қабылдау (жолдау) туралы бұйрықтан үзінді көшірме он жұмыс күні ішінде қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге, полиция департаменттеріне және әскери бөлімдерге жолданады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Ішкі істер органдарының қызметкерлері және Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшілері қатарынан оқуға түсуге ниет білдірген, курсанттар қатарына қабылданбаған адамдар қызмет атқару орындарына қайта оралады.

36. Әскери оқу орындары қабылдау жүргізген соң он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Бас қолбасшылығының Кадр және әскери білім басқармасына және ІІМ кадр қызметіне қабылдауды ұйымдастыру және жүргізу

бойынша ақпаратты, сондай-ақ курсанттарды қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. ПМ арнаулы оқу орындарына қабылдау тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. ПМ арнаулы оқу орындарына оқуға кандидаттарды іріктеу тәртібі

37. ПМ арнаулы оқу орындарына күндізгі оқу нысаны бойынша орта білімі бар, он алты жасқа толған, жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене шынықтыру, білім деңгейі бойынша оларға жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

ПМ арнаулы оқу орындарына күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түсетін жылы жиырма төрт жасқа толмаған мерзімді әскери қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілері қабылданады.

ПМ арнаулы оқу орындарына қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқуға "Құқық", "Құқықтану" мамандықтары бойынша жоғары білімі бар адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының жоғары білімі бар азаматтары қабылданады.

ПМ арнаулы оқу орындарына қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуға "Құқық", "Құқықтану" мамандықтары бойынша жоғары білімі бар адамдарды қоспағанда, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар ішкі істер органдарының қызметкерлері және әскери қызметшілері қабылданады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. ПМ арнаулы оқу орындары осы Қағидаларға 1-1-қосымшада көрсетілген Білім беру бағдарламалары тізбесіне сәйкес кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. ПМ арнаулы оқу орындарына оқуға түсуге ниет білдірген азаматтар арнаулы оқу орындарының не болмаса тұрғылықты жері бойынша аумақтық ПО-ның кадр қызметтеріне еркін нысанда өтініш береді.

ПМ арнаулы оқу орындарының ресми интернет-ресурсы арқылы электронды форматта өтініш беруге жол беріледі.

Өтінішке (қағаз немесе электронды форматта):

- 1) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электронды құжат (сәйкестендіру үшін);
- 2) фотосуреттер (бас киімсіз, өлшемі 3,5х4,5 см алты фотосурет, өлшемі 10х12 см бір фотосурет);
- 3) өз қолымен толтырылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы аттестатының немесе дипломының көшірмесі;
- 5) мерзімді әскери қызмет өткерген адамдар қабылдау комиссиясына ұсыным (комиссияның конкурстық іріктеуден өткені туралы қорытындысы).

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. ПМ кадр қызметі ПО аумақтық бөліністері үшін кандидаттарды ПМ арнаулы оқу орындарына оқуға жіберу бойынша жоспар әзірлейді беріледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Жоспар бекітілгеннен кейін ПМ бөліністері:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми интернет-ресурста ПМ арнаулы оқу орындарына қабылдау шарттары туралы хабарландыру орналастыруды ұйымдастырады;
- 2) кәсіби бағдар беру, тұрғылықты жері бойынша оқуға кандидаттарды іріктеу және тексеру бойынша жұмыс жүргізеді.

42. Оқуға кандидаттар, оның ішінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қызметке жарамдылығын анықтау үшін медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, оның ішінде полиграфологиялық зерттеуден, сондай-ақ міндетті арнайы тексеруден өтеді.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Аумақтық ПО-ның бөліністерінің кадр қызметтері кандидаттардың оқуға қалыптастырылған жеке істерін оқуға түсетін жылдың 1 шілдесіне дейін ПМ арнаулы оқу орындарына жолдайды.

Тікелей арнаулы оқу орнына өтінішпен жүгінген оқуға кандидаттың (сондай-ақ электронды форматта) жеке ісін арнаулы оқу орынның кадр қызметі оқуға түсетін жылдың 1 шілдесіне дейін қалыптастырады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Аумақтық ПО және ПМ арнаулы оқу орындарының кадр қызметтері кандидаттарға ПМ арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау мерзімдері туралы хабарлайды.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқытуға кандидаттың жұмыс орны бойынша кадр қызметі оқу істерін қалыптастырады және оқуға түсетін жылдың 1 шілдесіне дейін ПМ-нің арнаулы оқу орнына жібереді.

Оқу істерінде:

- 1) қызметкердің баянаты (еркін нысанда);
- 2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 211 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20123 болып тіркелген) бекітілген Ішкі істер органдарына қабылданатын адамдар үшін алғашқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидалары және одан өту шарттары, сондай-ақ оларды алғашқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздеріне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
- 3) оқуға жіберу туралы ұсынымы бар қызметтік мінездеме (еркін нысанда);
- 4) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электронды құжат (сәйкестендіру үшін);
- 5) білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) ҰБТ сертификаты (техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кандидаттарға);
- 7) өлшемі 3x4 см алты фотосурет болуы қажет.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.09.2023 № 709 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. ПМ-нің арнаулы оқу орындарына қабылдауды ұйымдастыру

46. ПМ арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдауды ұйымдастыруды арнаулы оқу орнының қабылдау комиссиясы (бұдан әрі - қабылдау комиссиясы) жүзеге асырады.

Қабылдау комиссиясының құрамы арнаулы оқу орны бастығының бұйрығымен бекітіледі және арнаулы оқу орындарының, ПД, ҚАЖД қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады. Мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бақылаушы ретінде қатыса алады. ІІМ құрылымдық бөліністерінің өкілдері ІІМ басшылығының тапсырмасы бойынша бақылаушы ретінде қатыса алады.

Қабылдау комиссиясы мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Комиссияны төраға басқарады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы ІІМ арнаулы оқу орнының бастығы болып табылады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы қабылдау комиссиясының қызметіне басшылық етеді, оның мүшелерінің өкілеттігін белгілейді және осы комиссияның жұмыс жоспарын бекітеді.

Қабылдау комиссиясының хатшысы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының басшы лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 210 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20138 болып тіркелген) арнаулы оқу орнының құрылымдық бөліністерінің басшы құрамы қатарынан тағайындалады, оған қабылдау комиссиясына жүктелген функцияларды іске асыру бойынша құжаттарды, отырыстарға материалдарды, сондай-ақ олардың жұмысы туралы есеп жобасын әзірлеу жүктеледі.

Қабылдау комиссиясы хатшысының орынбасары және техникалық топтың техникалық хатшылары оқуға түсетін кандидаттардың жеке және оқу істерін ресімдеу және өңдеу үшін тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының шешімі қабылдау комиссиясы мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда қабылдау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қабылдау комиссиясы:

- 1) кандидаттардың жеке істерін қарауды жүзеге асырады;
- 2) түпкілікті медициналық куәландыруды жүргізеді, кандидаттардың дене шынықтыру даярлығын тексереді;
- 3) конкурстық тізімдерді және кандидаттарды курсанттар қатарына тіркеу туралы қабылдау комиссиясының хаттамасын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындайды;
- 4) конкурстық іріктеу жүргізеді;
- 5) конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша курсанттар қатарына қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

6) кандидаттарды қабылдау қорытындыларына талдау жасайды және осы жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша шаралар әзірлейді;

7) оқуға қабылдау мәселелері бойынша шағымдар мен өтініштерді қарайды.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.09.2023 № 709 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

47. Қабылдау комиссиясының қызметі жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау комиссиясының отырысы қабылдау комиссиясы төрағасының шешімі бойынша өткізіледі.

48. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Кандидаттармен ПМ арнаулы оқу орындарына азаматтар қатарынан оқуға қысқартылған мерзіммен білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқуға медициналық куәландырудан, дене шынықтыру даярлығын тексеру және әңгімелесуден тұратын кәсіптік іріктеу жүргізіледі.

Қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуға кандидаттар әңгімелесуден өтеді.

Әңгімелесу ішкі істер органдарының қызметін регламенттейтін қолданыстағы заңнаманы білуін тексеру үшін өткізіледі.

Қызметтегі ПО қызметкерлері қатарынан оқуға кандидаттар медициналық куәландырудан және дене шынықтыру дайындығын тексеруден босатылады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

50. Кандидаттарды қабылдау үшін қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен :

- 1) штаттық емес уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссия;
- 2) кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын тексеру жөніндегі комиссия;
- 3) апелляциялық комиссия;
- 4) техникалық топ құрылады.

Штаттық емес уақытша жұмыс істейтін әскери-дәрігерлік комиссия Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 758 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21580 болып

тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиялары туралы ереженің 3-тарауына сәйкес кандидаттарды түпкілікті медициналық куәландыру үшін ПМ арнаулы оқу орны медициналық бөлімі бастығының төрағалық етуімен құрылады.

Дене шынықтыру дайындығын тексеру жөніндегі комиссия кандидаттарды дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылады. Комиссия құрамына ПМ арнаулы оқу орнының қызметкерлері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

Апелляциялық комиссия кандидаттарды дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу қорытындылары бойынша азаматтардың арыздарын қарау үшін құрылады.

Техникалық топ кандидаттардың жеке және оқу істерін қабылдау және өңдеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.09.2023 № 709 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Қабылдау тәртібі туралы ақпарат, сондай-ақ қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қабылдау комиссияларының шешімдері, қабылдау мерзімдері ПМ арнаулы оқу орындарының интернет-ресурстарында орналастырылады және кандидаттарға уақтылы жеткізіледі.

3-параграф. ПМ арнаулы оқу орындарына кандидаттарды дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу

52. Кандидаттарды дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу және дене шынықтыру жаттығуларын орындау нәтижелерін бағалау осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес ПМ арнаулы оқу орындарына түсушілерге арналған дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерге (бұдан әрі – дене шынықтыру даярлығы нормативтері) сәйкес жүргізіледі.

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының спорт шебері" спорттық біліктілігі бар және ПМ арнаулы оқу орнының қабылдау комиссиясына оны растайтын құжаттар ұсынған кандидаттар дене шынықтыру бойынша іріктеуден босатылады.

Кандидаттардың дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу кезінде кандидаттарды старттық нөмірлерді беру жолымен шифрлеу қолданылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер кандидаттардың мынадай спорттық жаттығу түрлерін орындауын көздейді:

100 метрге жүгіру (ұлдар, қыздар);

1000 (кросс) метрге жүгіру (қыздар);

биік белтемірге тартылу (ұлдар);

1 минут ішінде арқаға жатып денені көтеру (қыздар).

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Спорттық жаттығуларды орындау шарттары: 100, 1000 метрге жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе кез келген тегіс жерде өткізіледі;

биік белтемірге тартылу бастапқы орнынан тартылған қалпы жоғарыдан ұстап (бас бармақ астыңғы жақта) жерге аяғын тигізбей орындалады. Иегін бел темірден асырып, әрбір орындау кезінде қозғалмайтын қалыпта, тартылған қалпы қолдары түзу, аяқтарын жұлқымай және серіппей орындаған кезінде жаттығу орындалды деп есептеледі. Тартылып тұру қалпында орнынан 5 секундтан артық тоқтауға (демалуға) және тартылуды шайқалудан бастауға жол берілмейді;

денені көтеру арқада жатқан бастапқы қалпынан, қолдың иығына немесе бекітпеге жатып, тізеге шынтағымен жанасқанға дейін (аяқтарды елеусіз бүгуге рұқсат етіледі) дененің алға еңкеюімен, бастапқы қалыпқа оралған кезде тірекке жауырынмен жанасу қажет. Жаттығу 1 минут ішінде тоқтаусыз орындалады.

Жаттығуды орындауды бұзған жағдайда "саналмасын" командасы беріледі. Егер жаттығу үш реттен артық қате орындалса, кандидат жаттығуды орындаудан шығарылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Дене шынықтыру нормативтерінің мазмұны және спорттық жаттығуларды орындау шарты кандидаттың назарына дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу басталардын кемінде 24 сағат бұрын жеткізіледі.

56. Дене шынықтыру нормативтерін тапсырар алдында кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын тексеру жөніндегі комиссия мүшелері кандидаттарды қауіпсіздік техникасымен қол қойғыза отырып, таныстырады.

57. Дене шынықтыру даярлығы нормативтеріне сәйкес енгізілген спорттық жаттығулардың әрбір түрі жеке тапсырылады. Бір күнде екі жаттығудан артық орындауға рұқсат етілмейді, бұл ретте кросс 1000 метрге жүгіру келесі күні басқа жаттығулардан бөлек орындалады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Биік бел темірден тартылу, арқаға жатып денені көтеру және 100 метрге жүгіру бойынша дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтерін орындау үшін

біруақытта 3 кандидатқа дейін қатыса алады. 1000 метрге жүгіруге (кросс) бір уақытта кемінде 10 адамға дейін қатыса алады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Дене шынықтыру көрсеткіштері бойынша іріктеу нәтижелері ұлдар және қыздар үшін бөлек бағаланады.

60. Кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын тексеру жөніндегі комиссия мүшелері әрбір спорттық жаттығуды тапсыру нәтижелерін жеке ведомосте белгілейді және кандидаттың назарына қол қойғыза отырып, жеткізіледі. Жаттығуларды орындау нәтижелері белгіленгеннен кейін қайта тапсыруға жол берілмейді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша спорттық жаттығулардың жекелеген түрлерін тапсыру жөніндегі жеке ведомостегі деректердің негізінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нормативтерді орындаудың жиынтық ведомосі толтырылады, ол ІМ арнаулы оқу орнының қабылдау комиссиясына ұсынылады.

Жиынтық ведомосте кандидаттың дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақты тапсырғаны-тапсырмағаны туралы қорытынды жазылады және бір сағат ішінде аталған мәліметтер кандидаттың назарына жеткізіледі және ақпараттық стендке ілінеді.

62. Дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақ нәтижелерімен келіспеген кандидат апелляцияға шағым бере алады.

Дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақ нәтижесімен байланысты мәселелерді қарау үшін апелляциялық комиссияның құрамы ІМ арнаулы оқу орны бастығының бұйрығымен бекітіледі.

63. Кандидаттар дене шынықтыру даярлығы бойынша нәтижелерді хабарлағаннан кейін келесі күні сағат 13.00–ге дейін апелляцияға арызды өзі береді және оны апелляциялық комиссия бір тәулік ішінде қарайды. Арыз берушінің өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.

64. Кандидаттың өтінішін қарау нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз деген баға алған жағдайда бір дене шынықтыру жаттығуын қайта тапсыруға жол беріледі.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссияның тізімдік құрамының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған төраға және комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды. Апелляциялық комиссия шешімінің

нәтижелері бойынша талапкерге апелляциялық комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме беріледі.

4-параграф. ПМ арнаулы оқу орындарына қабылдау

66. ПМ арнаулы оқу орындарына қабылдау медициналық, дене шынықтыру және кәсіби көрсеткіштері бойынша іріктеу қорытындыларын ескере отырып, ҰБТ қорытындылары бойынша сертификат балдарына сәйкес конкурс бойынша жүргізіледі.

ПМ арнаулы оқу орындарына мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді қабылдау Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінде конкурстық іріктеудің нәтижелері, сондай-ақ медициналық көрсетпелер бойынша жүзеге асырылады.

Қабылдау комиссиясы конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша кандидатты курсант қатарына қабылдау немесе қабылдамау туралы шешімді кандидатқа қабылдау комиссиясының отырысында жариялайды.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. ҰБТ нәтижелері бойынша ПМ арнаулы оқу орындарының курсанттары қатарына қабылдау конкурсына қатысу үшін қажетті балдардың саны Білім беру грантын беру қағидаларымен белгіленеді.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.09.2023 № 709 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Арнаулы оқу орындарына қысқартылған мерзімге оқуға қабылдау кәсіби іріктеу нәтижелері жөніндегі конкурс бойынша жүргізіледі.

Қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқытуға арнаулы оқу орындарға қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша конкурс арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 28.04.2021 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

69. ПМ арнаулы оқу орындарының курсанттары қатарына қабылдау конкурсын өткізу кезінде тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері

таңдаған мамандықтар олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының басым құқығы бар.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 17.07.2023 № 584 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. ИМ арнаулы оқу орындарына курсанттар қатарына конкурстан тыс қабылданады:

1) Білім беру грантын беру қағидаларында кандидаттарға белгіленген талаптар бойынша шекті деңгейдегі балл жинаған, қызметтік міндеттерін орындау кезінде қайтыс болған немесе мүгедектік алған қызметкерлердің балалары;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы қатарында мерзімді әскери қызмет өткерген, Білім беру грантын беру қағидаларында кандидаттарға белгіленген талаптар бойынша шекті деңгейдегі балл жинаған адамдар, бірақ "Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған жоғары білімді кадрларды даярлаудың жыл сайынғы мемлекеттік тапсырысының 10 % аспайды;

3) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған адамдар;

4) ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 100 балл жинаған адамдар.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.09.2023 № 709 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70-1. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 17.07.2023 № 584 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. ҰБТ сертификаттарының балдары бірдей болған жағдайда оқуға қабылдауға мыналардың:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтары;

үздік білімі туралы құжаттары (аттестаттары, куәліктері, дипломдары) бар адамдар;

кадеттік оқу орындарының, әскери мектеп-интернаттардың негізгі білім беру бағдарламаларын аяқтағаны туралы не болмаса әскери-патриоттық немесе заңгерлік бағыттағы қосымша білімін растайтын құжаттары бар адамдар;

спорттық дәрежесін, республикалық немесе халықаралық жарыстарда, орындаушылар конкурстарында, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық, президенттік немесе республикалық олимпиадаларда жүлделі орын алғанын растайтын құжаттары бар адамдар;

жоғары білімді алғаш рет алатын жағдайда ішкі істер органдарының қызметкерлері басым құқыққа ие болады.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған жағдайда аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орта балдары жоғары адамдар қабылданады.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда және басым құқығы болмаған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болған жағдайда бейіндік пәндер бойынша алған балдары ескеріледі.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Қабылдау комиссиясының оқуға қабылдау туралы шешімі ПІМ арнаулы оқу орны бастығының бұйрығымен ресімделеді. Бұйрықтан үзінді жұмыстан қол үзіп оқуға қабылданған адамдарды оқуға іссапарға жіберуге негіз болып табылады.

73. Курсанттар қатарына қабылданбаған ішкі істер органдары қызметкерлерінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы әскери қызметшілерінің қатарынан кандидаттар ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы әскери бөлімдерінің қарамағына жіберіледі, олардың жеке (оқу) істері оқуға қабылданбау себептерін көрсете отырып, қайтарылады.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. ПІМ арнаулы оқу орындары ПІМ кадр қызметіне оқуға қабылдауды өткізгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оқуға қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ курсанттарды оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жоғары білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асырып
жатқан Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери оқу орындарына оқуға түсу үшін кандидаттар ұсынатын құжаттар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Өтініш (Ұлттық ұлан мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының атына).
2. Жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электронды құжат (сәйкестендіру үшін), туу туралы куәлік, әскери билет немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелу туралы куәлік (егер болса), оқуға кандидаттың білімі туралы құжат.
3. Үлгерім табелінің көшірмесі немесе сынақ кітапшасының көшірмесі (білім беру ұйымдарындағы оқушылар үшін).
4. Сауалнама деректері - 2 дана.
5. Өмірбаян (өз қолымен басылған және жазылған) - 2 дана.
6. Оқу орнынан мінездеме (қызмет, жұмыс).
7. Жеке табыс салығы және мүлік бойынша декларацияны қабылдау туралы анықтама.
8. Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама.
9. Жақын туыстарының (ата-аналарының, асырап алушыларының, атаанасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілерінің) жеке куәліктері мен туу туралы куәліктерінің көшірмелері.
10. Фотосуреттер 3*4 - 6 дана.
11. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасуға заңды өкілдердің нотариалды куәландырылған келісімі (кәмелетке толмаған кандидаттар үшін).
12. ҰБТ сертификаты (мерзімді әскери қызмет өткерген және әскери бөлімде конкурстық іріктеуден өткен адамдарды қоспағанда). Мерзімді әскери қызмет өткерген адамдар қабылдау комиссиясына ұсыным (комиссияның конкурстық іріктеуден өткені туралы қорытындысы) ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының білім беру бағдарламаларының тізбесі

Ескерту. Қағида 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 15.12.2017 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2024 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

p/c №	Даярлау бағыттары (білім беру бағдарламаларының топтары)	Білім беру бағдарламалары	Күндізгі оқу	
			Бейіндік пәндер комбинациясы	
			1 бейіндік пән	2 бейіндік пән
1-бөлім. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери оқу орындары				
1	6B121 Әскери іс	6B12101 Әскери барлаудың командалық тактикасы	"Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес кез-келген нұсқадағы екі бейіндік пән	
		"6B12102 Әскери психологияның командалық тактикасы		
		6B12192 Ұлттық ұланның командалық тактикасы		
		6B12193 Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстың командалық тактикасы		
		6B12194 Әскерлерді инженерлік-техникалық қамтамасыз етудің командалық тактикасы		
		6B12195 Әскерлерді зымыран артиллериялық қамтамасыз етудің командалық тактикасы		
		6B12196 Ұлттық ұланды автомобильмен қамтамасыз етудің командалық тактикасы		

		6B12197 Ұлттық ұланды тылдық қамтамасыз етудің командалық тактикасы	
		6B12198 Байланыс әскерінің командалық тактикасы	
2 бөлім. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің арнаулы оқу орындары			
2	6B123 Қоғамдық қауіпсіздік	6B12301 Құқық қорғау қызметі 6B12302 IT-Ішкі істер органдарының қызметін криминалистикалық қамтамасыз ету (Цифрлық криминалистика) 6B12303 Киберкылмысқа қарсы іс-қимыл 6B12304 Ішкі істер органдарының қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету 6B12305 Ішкі істер органдары қызметіндегі педагогика және психология	"Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес кез келген вариациядағы (шығармашылық емтиханнан басқа) екі бейіндік пән

Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына 2-қосымша

Қабылдау комиссиясының кандидаттарды курсанттар қатарына қабылдау туралы № ____ хаттамасы

20__ жылғы ____ қаласы

Қабылдау комиссиясының құрамы:

қабылдау комиссиясының төрағасы:

қабылдау комиссиясының мүшелері:

хатшысы:

оқуға кандидаттардың материалдарын қарап, **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы	Ұлты	білімі	Бітірген жылы	Служба в ОВД, ВС	Результаты приема							
							Медициналық көрсеткіштер бойынша іріктеу	Кәсіби-психологиялық іріктеу	Денешынықтыруының көрсеткіштері бойынша іріктеу	ҰБТ/КТ нәтижелері				
										Жалпы балл	Бейінді пән	Қазақстан тарихы	Математика	Қазақ/орыс тілі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

кестенің жалғасы

Аттестаттың/дипломның орташа балы	Жасақтаушы орган	Жеңілдіктер	Қабылдау комиссиясының шешімі
16	17	18	19

Қабылдау комиссиясының төрағасы:

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

хатшысы:

Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
әскери, арнаулы оқу
орындарына оқуға қабылдау
қағидаларына 3-қосымша

ІІМ әскери оқу орындарына кандидаттарға арналған дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер және балл есептеуді бағалау

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 13.10.2025 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тартылу			100 метрге жүгіру			3000 метрге жүгіру		
Баға	Балл	Неше рет орындалғаны	Баға	Балл	Уақыты (секунд)	Баға	Балл	Уақыты (секунд)
	23 реттен жоғары әр қайталау үшін 4 балл қосылады			12-ден кем әрбір 0.1 сек үшін 2 балл қосылады		Өте жақсы	11.30. мин кем әрбір 3 сек үшін 1 балл қосылады	
	100	23		100	12.0		100	10.30

Өте жақсы	96	22	Өте жақсы	98	12.1		99	10.33				
	92	21		96	12.2		98	10.36				
	88	20		94	12.3		97	10.39				
	84	19		92	12.4		96	10.42				
	80	18		90	12.5		95	10.45				
	76	17		88	12.6		94	10.48				
	72	16		86	12.7		93	10.51				
	68	15		84	12.8		92	10.54				
	64	14		82	12.9		91	10.57				
	60	13		80	13.0		90	11.00				
	50	12		78	13.1		89	11.03				
	40	11		76	13.2		88	11.06				
жақсы	35	10	жақсы	74	13.3		87	11.09				
	30	9		72	13.4		86	11.12				
қанағаттан арлық	25	8		қанағаттан арлық	70		13.5		85	11.15		
	20	7			68		13.6		84	11.18		
					66		13.7		83	11.21		
					64		13.8		82	11.24		
					62		13.9		81	11.27		
					60		14.0		80	11.30		
					жақсы		55		14.1		79	11.33
							50		14.2		78	11.36
					қанағаттан арлық		45		14.3		77	11.39
							40		14.4		76	11.42
			35			14.5	76		11.45			
			30			14.6	75		11.00			
			25	14.7		74	11.03					
			20	14.8		73	11.06					
				72	11.09							
				71	11.12							
				70	11.15							
				69	11.18							
				68	11.21							
				67	11.24							
				66	11.27							
				65	11.30							
				64	11.33							
				63	11.36							
				62	11.39							
				61	11.42							
60	11.45											
59	11.48											

				58	11.51
				57	11.54
				56	11.57
				55	12.00
				54	12.03
				53	12.06
				52	12.09
				51	12.12
				50	12.15
			Жақсы	49	12.18
				48	12.21
				47	12.24
				46	12.27
				45	12.30
				44	12.33
				43	12.36
				42	12.39
				41	12.42
				40	12.45
			Қанағаттанарлық	39	12.48
				38	12.51
				37	12.54
				36	12.56
				35	12.58
				34	13.00
				33	13.02
				32	13.04
				31	13.06
				30	13.08
				29	13.12
				28	13.14
				27	13.16
				26	13.18
				25	13.20
				24	13.22
				23	13.24
				22	13.26
				21	13.28
				20	13.30

Жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асырып жатқан
Қазақстан Республикасы Ішкі істер

министрлігінің әскери, арнаулы оқу
орындарына оқуға қабылдау
қағидаларына
4-қосымша

**спорттық жаттығулардың жекелеген түрлерін тапсыру жөніндегі
ВЕДОМОСІ**

20__жылғы ____ қаласы

Спорттық жаттығулардың аталған түрі бойынша _____
(спорттық жаттығудың түрі)

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Взвод	Жаттығудың нәтижесі	Баға (балл)	ескертпе
1	2	3	4	5	6

Дене шынықтыру даярлығын тексеру жөніндегі комиссияның мүшелері

Жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асырып жатқан
Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігінің әскери, арнаулы оқу
орындарына оқуға қабылдау
қағидаларына
5-қосымша

нысан

ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСТЬ

"__" ____ 20__ г. қаласы

№ п/п	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Сопорттық жаттығудың түрі						Қорытынды баға (балл)	Оқуға кандидаттардың қолы
		100 метрге жүгіру		3000/1000 метрге жүгіру (кросс)		Тартылу /Кешенді күштік жаттығуе			
		нәтижесі	бағасы (балл)	нәтижесі	бағасы (балл)	нәтижесі	бағасы (балл)		

Дене шынықтыру бойынша комиссиясы

Жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асырып жатқан
Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігінің әскери, арнаулы оқу
орындарына оқуға қабылдау
қағидаларына
6-қосымша

**Апелляциялық комиссияның
№ хаттамасы**

" ____ " _____ 20 ____ г. г. _____

Апелляциялық комиссия келесі құрамда:

комиссияның төрағасы:

комиссияның мүшелері:

хатшысы:

оқуға кандидаттардың апелляция туралы арызына және апелляциямен қайта тапсырылған дене шынықтыру бойынша спорттық жаттығулардың нәтижесінде, төменде көрсетілген спорттық жаттығу түрлері бойынша мынадай баға қоюды шешті: _____
спорттық жаттығудың түрі

№	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Взвод	Жаттығудың нәтижесі	Баға (балл)	ескертпе
1	2	3	4	5	6

Апелляциялық комиссияның мүшелері:

Жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларын іске асырып
жатқан Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
әскери, арнаулы оқу
орындарына оқуға қабылдау
қағидаларына
8-қосымша

ПМ арнаулы оқу орындарына кандидаттарға арналған дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.05.2020 № 439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жігіттер үшін

№	Тест атауы	Баға		
		өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық
1.	100 метрге жүгіру (сек.)	14.0	14.5	15.0
2.	1000 метрге жүгіру (мин/сек.)	3.40	3.50	4.00
3.	Тартылу (тартылу саны)	11	9	7

Қыздар үшін

№	Тест атауы	Баға		
		өте жақсы	жақсы	қанағаттанарлық

1.	100 метрге жүгіру (сек.)	16.0	16.5	17.0
2.	1000 метрге жүгіру (мин/сек.)	4.40	5.00	5.20
3.	1 минут ішінде шалқадан жатып кеудені көтеру (көтеру саны)	35	30	25

Ескертпе:

Егер талапкер жаттығулардың біреуінен "қанағаттанарлықсыз" деген баға алып, қалғандарынан "жақсы" деген баға алса, ІІМ арнаулы оқу орындарына түсушілер үшін дене шынықтыру нормативтері тапсырылды деп есептеледі.

Мысалы: Тартылу - "жақсы", 100 метрге жүгіру - "жақсы", 1000 метрге жүгіру - "қанағаттанарлықсыз" - дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсырылды.

Тартылу - "өте жақсы", 100 метрге жүгіру - "қанағаттанарлық", 1000 метрге жүгіру - "қанағаттанарлықсыз" - нормативтер тапсырылған жоқ.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 26 қаңтардағы
№ 77 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылады деп танылатын бұйрықтарының тізбесі

1. "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 186 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6977 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2011 жылғы 11 маусымдағы № 247-248 (26646) санында, 2011 жылғы 22 қарашадағы N 23 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған)

2. "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 186 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 280 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7744 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 8 шілдедегі № 396-400 (27474) санында жарияланған).

3. "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 186 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 302 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8475 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 203 (28142) санында жарияланған).

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 3 шілдедегі № 398 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9641 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2014 жылғы 26 тамыздағы № 126 (2520) санында жарияланған).

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы үшін кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары әскери оқу орындарына қабылдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 шілдедегі № 483 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9723 болып тіркелген, Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 6 маусымдағы № 105 (25583) санында жарияланған).

6. "Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі № 186 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 211 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10793 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 2015 жылғы 29 сәуірде; "Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 153 (28631) санында жарияланған).